

ные и пестрые олицетворения ... Фантастические образы, в которых первоначально отражались только таинственные силы природы, приобретают теперь также и общественные атрибуты и становятся представителями исторических сил», – деп көп діндік атрибуттың, күдіреті күшті бір ғана дінге шоғырлану үрдісін ашып береді [5; 328-329].

Діни-нанымдық ұғымдардың мифологиялық түп тамырына қайта оралуы – мифтен ата-бабаларымыздың шындық өмірін, тіпті қатыгез әлемін де көруге мүмкіндік береді. Мифология фольклордың қайнар көзі болса,

ауыз әдебиетінде сақталған байлығымыз – көне заманның тілдік бейнесі. Тарихи-этимологиялық экскурс – мифологияның «материалдық» көзі, дәнекері.

1. Авакова Р.А. Фразеология теориясы (монография). – Алматы: Қазақ университеті, 2009.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1996.
3. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы, 2004. – 3- кітап
4. Авакова Р.А. Фраземалардың шығу дереккөздері. – Әлем кеңістігіндегі түркітану ғылымы. – 3-16 бб.
5. Маркс К., Энгельс Ф. соч. 2-е изд., т. 20. – М.: Профиздат., 1983. – 344 с.

Р. А. Авакова, А. А. Сайлауова

Турецкие мифологемы: духовно-культурные механизмы в сознании народа

Данная статья посвящена мифологемам тюркских языков. Тюркские мифологемы анализированы в лингво-культурологическом аспекте.

R. A. Avakova, A. A. Saylauova

Turkish myths: the spiritual and cultural mechanisms in the people's consciousness

Given article is devoted to mythologemes of Turkic Languages. Turkic mythologemes are analyzed in linguo-cultural aspects.

Ә. Б. Әбдірешова,

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Петропавл қаласы, Қазақстан*

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ТАҚЫРЫБЫ

Құқық қорғау тақырыбы – журналистика саласындағы қызықты да, өзекті әрі жан-жақты тақырып. Қызық болатындығы, оны жазу барысында түрлі фактілердің кездесіп, құрылымы жағынан ауқымдылығында болса керек. Белгілі бір адамның немесе қандай да бір жағдайға байланысты құқық қорғау тақырыбында қозғалған, көтерілген мәселе болғаннан кейін ол мақала (немесе репортаж, хабар) өзекті болып саналады. Жан-жақтылығына келер болсақ, өз мақаласын немесе репортажын дайындап, әзірлеуде оның мазмұнын ашатын мәлімет пен дереккөздің барынша нақты әрі дәйекті болуы журналистің өзіне байланысты. Яғни, оның кәсіби шеберлігі мен материалды дайындай білу әдісі тақырыпты қаншалықты меңгеріп, түсінгендігін көрсетеді.

Ал құқық дегеніміз мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп

ережелерінің (нормалардың) жиынтығы. Құқықтың түсініктері бірнеше, бірақ мазмұндары біреу-ақ.

Құқық мазмұнының негізгі элементтері:

- ✓ Қоғамның және адамдардың мүдде-мақсатын қорғау, орындау;
- ✓ Қарым-қатынастарды реттеп, басқару;
- ✓ Қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдениеттік т.б. бағытын дамытып, нығайту;
- ✓ Мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың құзыретін, ара-қатынасын реттеп, басқару;
- ✓ Халықаралық қатынастарды реттеп, басқару.

Құқықтың негізгі функциялары: реттеу және қорғау. Біз сөз қылып отырған құқықтың қорғау функциясы – нормативтік актілердің қоғамдағы қарым-қатынасқа ықпалын, әсерін күшейту, жаман қатынастарға тыйым

салу[1,146.]. Құқық қорғау тақырыбында қалам тербегенде, осы функцияға сүйеніп, заңды бағытта қызмет атқаруға болады.

«Адам құқығы әлемнің кез-келген мемлекетінде, оның саяси құрылымына қарамастан тартыс нысанына айналады. Құқық қорғаушының билікпен ымыраласа алмайтыны сияқты, билік органдары да оны жақсы көре қоймайды. Өйткені, құқық қорғаушының міндеті – кемшіліктерді тауып, оларды жария етіп табу болады», - деп жазады журналистика саласында көпжылдық тәжірибесі бар журналист Вячеслав Абрамов. Оның сөзіне қарағанда, адам құқықтары жөнінде жазатын журналистерді көп жағдайда құқық қорғаушылар деуге болады. Өйткені, олар зерттеу жүргізеді, құқығы аяққа тапталған жандармен әңгімелесіп, оларға қолдан келгенше көмектесуге тырысады. Бұл орайда мысалға, күнделікті эфирге шығып жататын республикалық телеарналардағы (немесе басылымдардағы) жаңалықтарды көріп отырсаңыз да кездестіріп қаласыз. Төртінші билік өкілдеріне де мұң-мұқтажын шаққан, әділет органдарының табалдырығын тоздырып, белгілі дау тудырған жайттың ақ-қарасын ажырата алмай жүрген жандар жиі шағымданатын көрінеді. Немесе өз құқығы тапталып, есесі кеткен адамдар осындай мәселелердің шешімін тауып, басын ашып беруге редакцияларға хат жазып, телефон шалып жатады.

Бүгінде құқық қорғау тақырыбы журналистиканың ажырамас бір бөлігіне айналған десек те болады. Өйткені еліміздің Ата заңының 1-1 тармағына сәйкес былай делінген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмір, құқықтары мен бостандықтары.[2,31.]» Ал мемлекет пен халық билігі үшін қызмет атқаратын бұқаралық ақпарат құралдарында аталмыш тақырыпта ой қозғап, түсінікті ақпарат беретін хабарлар мен мақалалар жиі кездесіп жатады. Мысалы, ұлттық арна – «Қазақ радиосының» тікелей эфирінен аптаның дүйсенбі және сәрсенбі күндері «Заңгер кеңесі» хабары беріледі. Бағдарламаның тұрақты мейманы ретінде заңгер Нұра Тынысқызы қатысады. Журналист Гүлбану Алпамысқызы жүргізетін хабардың арқалайтын міндеті – редакция қоржынына келіп түскен (немесе тікелей эфирге хабарласқан) түрлі сауалдарға заң

тұрғысынан арнайы маманның кеңесін беру. Сол сияқты басылым беттерінде де құқық қорғау тақырыбындағы мақалалар көптеп кездесіп жатады. Бұл орайда республикалық басылым «Заң» газетінің көтерер жүгі ауыр.

Құқық қорғау тақырыбын бірнеше саламен байланыстырып қарастыруға болады. Журналист Вячеслав Абрамов оны былай деп бөліп қарастырады:

- Сөз бостандығы;
- Діни бостандық;
- Бас қосу және бірігу бостандығы;
- Ақпарат алу құқығы;
- Еркін жүріп-тұру құқығы;
- Әйелдер құқығы;
- Балалар құқығы;
- Тұтқындардың құқығы және т.б.

Оның айтуына қарағанда, адам құқығы туралы мақалаға арқау болар тақырыпты кез-келген жерден табуға болады. Ол бір топ адам өзге адамға немесе топқа тәуелді болған жердің бәрінде кездесетін мәселе. Адам құқығы мәселесі жасырын немесе ашық қақтығыс туындаған жердің бәрінде бар[2,239б.].

Расында да, күнделікті өмірден-ақ осы айтылғандарға мысал келтіруге де болар. Мысалы, тұрғындар тарапынан түсетін арыздар бойынша мәселе көтеретін тақырыпта қалам тербейтін болсаңыз, шағымданушылардың құқығын қорғау мақсатында бірнеше кейіпкерлерді қатыстыра отырып, көлемді материал әзірлеуге болады. Су құбыры істен шығып, жергілікті тұрғындарды әуре-сарсаңға салғандығы туралы ақпарат түссе, бірден оқиға орнына барған журналист оның неліктен істен шыққандығын, неліктен құтқару жұмыстары жүргізілмеді немесе осы аумаққа қатысты басшылықтың (әкімшіліктің) не атқарып жатқандығы сынды сұрақтарға жауап іздеуінен басталады. Мәселенің басын ашар сауалдарға жауап іздеу барысында көптеген жайттардың мәні өзінен-өзі келесі кейіпкерлермен қалай әңгіме өрбіту керектігін көрсетеді. Мұнда тек шағымданушы тарапынан ғана ақпарат алумен ғана емес, осы жағдайға кінәлі деп отырған адамдардың да пікірін білдіру керек. Бір оқиғаға түрлі көзқарас алу, біріншіден, берілген материалды қызықты ете түссе, бастысы, оны нанымды әрі дәлелді ете түспек.

Тағы бір мысал келтіре кетсек, жол-көлік оқиғаларына байланысты Жол полициясы басқармасының қызметкерлері ай сайынғы жүргізілетін рейдтік тексеріске аттанды.

Осындай рейдтердің біріне қатысу арқылы құқық қорғау тақырыбында өте маңызды репортаж әзірлеуге болады. Бір ай барысында қанша жол-көлік фактісі орын алды, оның кесірінен кімдердің құқығы аяқасты етілді, оқиғаның болуына себеп болған айыптының қандай жауапкершілікке тартылғанын өзек етіп, бірнеше сандық мәліметтерге сүйене отырып, көрерменге ой салатындай сюжет жазу үшін барынша көп мәліметпен қамту керек. Осы ретте сақтық шараларына да назар аудару артықтық етпейді. Ол журналистің өз қызметін атқаруға кепілдік болмақ. Бұл ретте соңғы жылдары құқық саласында қалам тербеп жүрген заңгер-журналист Кәмшат Тасболаттың «Мәтінді жазғанда қандай сақтық шаралары керек?» деген ақыл-кеңесін атап өту артық болмас.

Қорлау, жала жабу, ар-намыс, қадір-қасиет пен іскерлік беделге нұқсан келтірді дегендей айыптардан сақтану үшін журналист жазған мәтіннің әрбір сөзіне жіті назар аударуы керек. Себебі лингвистикалық сараптама барысында әрбір сөздің астарлы мағынасы ашылары анық. «Мәтіннің торына түсіп қалмас үшін не істеу керек? Журналист төмендегідей нұсқауларды естен шығармауы тиіс:

- Мәтін жазғанда «қауіпті» деп саналатын сөйлемдерде нақты тұжырым жасауға болмайды. Нақты тұжырымның орнына «сияқты», «көрінеді», т.б. сөздерді пайдаланған жөн.

- Эмоцияға беріліп мәтін жазуға болмайды;
- Егерде жазған мәтініңіз күдік туғызса, оны жарияламаған жөн. Немесе күдік туғызған абзацты алып тастаған жөн.

- Көпсөзділіктің қажеті жоқ
- Тақырыптан ауытқуға болмайды;
- Сөйлемдеріңіз нақты ақпараттан тұруы керек

- Негізсіз, дәйексіз ақпаратты бермеген жөн;

- Даулы материал дайындағанда асығыстыққа бой алдырмаңыз. Дәлеліңіз толықтай жеткілікті болған жағдайда материалды тағы тексеріп, мәтіннің «қауіпті» тұстарын тағы да сүзгіден өткізіңіз. Бірақ «қауіп» мәтіннің өзге тұсынан да табыларын ұмытпаңыз.

- Ар-намыс, қадір-қасиетке қатысты заң баптарын естен шығармағаныңыз жөн. [3, 239б.]»

Сонымен, заңмен байланысты құқық қорғау саласына қатысты мәселелерді жазамын деген журналистің жадында сақтауына жоғарыда аталған кеңестер артық болмас деп ойлаймыз.

Тағы бір айта кететіні журналистің заң саласындағы білімі, оны ретейтін еліміздегі заңдар мен негізгі халықаралық құжаттарды білуі керек. Олардың бәрін жатқа білмесе, қай заңды қай тұста дұрыс қолдануы керектігінен хабары болғаны жөн.

Қорыта келгенде, журналистика саласының ажырамас бір бөлігіне айналған құқық қорғау тақырыбы қашан да өзекті болып қала бермек. Бастысы, мұнда жазатын ақпаратың мен дерегіңе тек бір жақты қарамай, оқырман мен көрерменге (немесе тыңдарманға) оқиғаның нағында қалай өрбігендігін ашып көрсету қажет. Құқық қорғау тақырыбында жазатын журналистердің басты міндеті — адамдарға көмектесу. Ең батыл да таңдаулы тақырыптардың бірі саналатын құқық қорғау саласы ешқашан өз маңызын жоймайды.

1. Баккұлов С.Д. Құқық негіздері. – Алматы, 2004. – 247б.

2. Қазақстан журналистерінің тәжірибесінен. – Алматы, 2008. – 432б.

3. Қазақстан Республикасының конституциясы 1995

жылғы 30 тамыз(2007.21.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

4. Тайшыбай З.С. Журналистиканың құқықтық негіздері. – Петропавл, 2008. – 312б.

* * *

В статье рассматриваются проблемы о правах человека в средствах массовой информации.

* * *

The article deals with the problems of human rights in Mass media.